

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттеріне төленген жанама салықтардың сомалары туралы электрондық түрдегі ақпараттың құрамы мен құрылымына қойылатын талаптар туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 239 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 48-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің салық органдары арасындағы жанама салықтардың төленген сомалары туралы электрондық түрде ақпарат алмасу туралы 2009 жылғы 11 желтоқсандағы хаттаманың 2-бабын басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Ұсынылып отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттеріне төленген жанама салықтардың сомалары туралы электрондық түрдегі ақпараттың құрамы мен құрылымына қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Осы Шешім Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің салық органдары арасындағы жанама салықтардың төленген сомалары туралы электрондық түрде ақпарат алмасу туралы 2009 жылғы 11 желтоқсандағы хаттамаға өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 6 қарашада қол қойылған хаттама күшіне енген күннен бастап, бірақ ерте дегенде осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2019 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 239 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттеріне төленген жанама салықтардың сомалары туралы электрондық түрдегі ақпараттың құрамы мен құрылымына қойылатын ТАЛАПТАР**

Кіріспе.

Осы құжат Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) бюджеттеріне төленген жанама салықтардың сомалары туралы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің салық органдары (бұдан әрі – салық органдары) арасындағы ақпаратты беру файлдарының Форматтарының құрамы мен құрылымының сипаттамасын қамтиды. Электрондық түрде ақпарат алмасу

ақпаратты қорғау құралдарын пайдалана отырып, бацланыс арналары бойынша жүзеге асырылады.

## **1. Жалпы ережелер.**

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық туралы шарттың 72-бабының 3-тармағын орындау үшін өзара ақпарат алмасудың мынадай тәртібі белгіленген:

1.1. Салық органдары мүше мемлекеттердің бюджеттеріне төленген жанама салықтардың сомалары туралы электрондық түрде ақпарат алмасады.

1.2. Салық органдары xml-файлдар түрінде ақпарат алмасады:

Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштерден (бұдан әрі – өтініштер) және өтініштерді кері қайтарып алу туралы негізгі мәліметтерді қамтитын өтініштердің тізілімі нысанында (бұдан әрі – өтініштер тізілімінің файлы) мүше мемлекеттердің бюджеттеріне төленген жанама салықтардың сомалары туралы. Бұл ретте өтініштерді кері қайтарып алу туралы мәліметтермен алмасу кезінде бұрын салық органдары – ақпаратты алушы қабылдаған өтініштер туралы ғана мәліметтер беріледі (өтініштер Форматты-логикалық бақылау қателері жоқ болған кезде қабылданды деп есептеледі);

сұрау салулар тізілімдерінің нысанында (бұдан әрі – сұрау салулар тізілімі) электрондық түрде өтініштерді ұсыну туралы сұрау салулар туралы (бұдан әрі – сұрау салуда);

хабарламалар тізілімдерінің нысанында (бұдан әрі – хабарламалар тізілімдері) сұрау салуларға жауаптар туралы;

Форматты-логикалық бақылау (бұдан әрі – ФЛБ хаттамасы) хаттамасы нысанында Форматты-логикалық бақылау қателері туралы;

сәйкестендіру хаттамасы нысанында нысанында сәйкестендіру қателері туралы.

1.3. Өтініштер тізілімдерінің файлдары нысанындағы өтініштер бойынша, сұрау салулар тізілімі түріндегі сұрау салу бойынша, хабарламалар тізілімі нысанында сұрау салуларға жауаптар бойынша өзара ақпарат алмасу Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің салық органдары арасындағы жанама салықтардың төленген сомалары туралы электрондық түрде ақпарат алмасу туралы 2009 жылғы 11 желтоқсандағы хаттамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

1.4. Салық органдары өзара ақпарат алмасуды осы талаптарға және Еуразиялық экономикалық одақтың шеңберіндегі ақпарат алмасудың тәртібін регламенттейтін Еуразиялық экономикалық одақтың өзге де актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

Өтініштер тізілімінің файлын алған кезде салық органы осы құжатқа 15-қосымшаға сәйкес алынған деректерге Форматтық-логикалық бақылау жүргізеді және Форматтық-логикалық бақылау (ФЛБ) хаттамасы қалыптастырылады, оның Форматының сипаттамасы осы құжаттың 6-бөлімінде келтірілген.

Форматтық-логикалық бақылау (ФЛБ) хаттамасы өтініштер тізілімінің әрбір файлы бойынша қалыптастырылады (соның ішінде файлда қателер болмаған жағдайда).

Форматты-логикалық бақылауды өткізу процесінде қателер болмаған жағдайда алынған ақпаратты ақпараттық жүйеге қабылдау жүргізіледі.

Деректерді сәйкестендіру процесінде өтініште сәйкестендіру хаттамасы қалыптастырылады, оның Форматының сипаттамасы осы құжаттың 7-бөлімінде келтірілген.

Сәйкестендіру хаттамасы өтініштер тізілімінің әрбір файлы бойынша қалыптастырылады (оның ішінде файлда қателер болмаған жағдайда) және жөнелтуші салық органына жіберіледі.

Егер өтініштер тізілімінің файлында өтініштерді қайтарып алулардың тізілімі ғана қамтылса, сәйкестендіру хаттамасы өтініштер тізілімінің файлын жөнелтуші салық органына жіберілмеуі мүмкін.

1.5. Форматтық-логикалық бақылау және сәйкестендіру хаттамаларын алғаннан кейін жөнелтуші салық органы қателерді жою жөніндегі шараларды қабылдайды және алушы салық органына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің салық органдары арасындағы жанама салықтардың төленген сомалары туралы электрондық түрде ақпарат алмасу туралы 2009 жылғы 11 желтоқсандағы хаттамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде түзетілген ақпаратты жібереді.

1.6. Салық органдары арасында электронды түрде өзара ақпарат алмасу кезінде мынадай бірыңғай сыныптауыштар мен анықтамалықтар пайдаланылады.

#### 1.6-кесте

| р/с | Анықтаманың атауы | Анықтамалықтың мазмұны                                                                                                  |
|-----|-------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1   | ARSN1             | Армения Республикасы салық инспекциясының анықтамалығы                                                                  |
| 2   | NGNI              | Беларусь Республикасы СКМ инспекциясының анықтамалығы                                                                   |
| 3   | KZSNO             | Қазақстан Республикасы салық органдарының анықтамалығы                                                                  |
| 4   | KGSNO             | Қырғыз Республикасы салық органдарының анықтамалығы                                                                     |
| 5   | SOUN              | Салық салушыларды есепке алуға арналған Ресей Федерациясы салық органдары белгіленімдері кодтарының анықтамалығы (СЕБК) |
| 6   | OKSM              | Әлем елдерінің жалпыресейлік сыныптауышы (ӨЕЖС)                                                                         |
| 7   | PVD               | Құжаттың пайда болу себептерінің анықтамалығы (ҚПС)                                                                     |
| 8   | TNVED             | Сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасының сыныптауышы (СЭҚ ТН)                                                 |

|    |      |                                                                |
|----|------|----------------------------------------------------------------|
| 9  | OKEI | Өлшем бірліктерінің жалпыресейлік сыныптауышы (ӨБЖС)           |
| 10 | OKV  | Валюталардың жалпыресейлік сыныптауышы (ВЖС)                   |
| 11 | SPOZ | Өтініштерді кері қайтарып алу себептерінің анықтамалығы (ӨКСА) |

Салық органдары мынадай анықтамалықтарды береді:

| № п/п | Анықтаманың атауы | Анықтамалықтарды беруге жауапты        |
|-------|-------------------|----------------------------------------|
| 1     | ARSNI             | Армения Республикасының салық органы   |
| 2     | NGNI              | Беларусь Республикасының салық органы  |
| 3     | KZSNO             | Қазақстан Республикасының салық органы |
| 4     | KGSNO             | Қырғыз Республикасының салық органы    |
| 5     | SOUN              | Ресей Федерациясының салық органы      |
| 6     | OKSM              | Ресей Федерациясының салық органы      |
| 7     | PVD               | Беруге жатпайды                        |
| 8     | TNVED             | Ресей Федерациясының салық органы      |
| 9     | OKEI              | Ресей Федерациясының салық органы      |
| 10    | OKV               | Ресей Федерациясының салық органы      |
| 11    | SPOZ              | Беруге жатпайды                        |

Анықтамалыққа өзгерістер енгізілген жағдайда салық органдары өзгерістер енгізілген күннен бастап 10 күннен кешіктірмей оны толығымен жаңартылған анықтамалық түрінде береді.

Осы құжаттың 5-бөлімінде көрсетілген анықтамалықтардың Форматтары мен құрылымы келтірілген.

1.7. Ақпарат электрондық түрде UTF-8 кодындағы XML Форматының файлдары түрінде беріледі.

1.8. Хабарламалардың синтаксисін және оның элементтерін сипаттау кезінде XSD деген XML-құжаттарын сипаттау стандарты пайдаланылады.

1.9. Файлдардың қызметтік және ақпараттық бөліктерінің құрамы мен құрылымын сипаттау келесі кестелік нысанда жүргізіледі.

|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|

| Атрибуттың атауы | Типі | Форматы | Атрибуттың аты | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|------------------|------|---------|----------------|------------------------------------------|
|------------------|------|---------|----------------|------------------------------------------|

"Атрибуттың атауы" бағанында Атрибуттың толық атауы көрсетіледі.

"Типі" бағанында мына символдардың бірі көрсетіледі: О, Н. Көрсетілген символдар мынадай мәндерге ие:

О – міндетті элемент;

Н – міндетті емес элемент.

Міндетті элемент – оның файлда болуы міндетті элемент. Міндетті элементтің болмауы файл Форматын бұзушылық болып табылады.

Міндетті емес элемент – файлда болуы да, болмауы да мүмкін болатын элемент.

"Форматы" бағанында әрбір элемент үшін Форматтың символы және дөңгелек жақшаларда оның мәнінің ең аз және ең көп ұзындығы көрсетіледі.

Форматтың символдарының мынадай мағыналық мәндері бар:

T – мәтіндік мағына;

N – сандық мағына;

D – күні;

B – логикалық;

K – код.

Мәтін символдар ретінде, "каретканы қайтару" және "жолды аудару" символдарын қоспағанда, орыс, латын және алфавиттердің ерекше әріптері, сандар, сондай-ақ кез келген басқа символдар пайдаланылатын символдардың бос емес бірізділігінен тұрады. Мәтіннің бірінші символы бос орыннан ерекшеленуі тиіс.

Сан цифрлардан тұрады (соның ішінде басындағы нөлдерде де тұрады), бұл ретте ондық нүкте мен теріс сандар үшін " - " (минус) белгісін қамтуы мүмкін.

Сандық мәндерді берудің жол берілетін Форматтары мынадай:

047 47 47.0 47.05 -47

Дата <жыл>-<ай>-<күн> түрінде қойылады, онда <күн> – 2 цифр айдың ішіндегі тиісті күннің нөміріне сәйкес келеді, <ай> – 2 цифр жылдың ішіндегі тиісті жылдың нөміріне сәйкес келеді, <жыл> – жылдың 4 цифры.

Логикалық тұрғыдан екі мәннің бірін қабылдайды: true немесе false.

Код кейбір көптеген сөздерде<sup>1</sup> кездесетін сөз түрінде анықталады (бос орындар мен тыныс белгілерін қоса алғанда, кез келген символдардың бірізділігі). Кодты тиісті көптеген сөздердегі сөздермен салыстыру регистрді есепке алмастан орындалады.

"Атрибуттың" аты бағанында хабарламаны беру кезінде пайдаланылатын Атрибуттың шартты қысқартылған атауы көрсетіледі.

"Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат" бағанында тиісті Атрибуты туралы қосымша ақпарат көрсетіледі (мысалы, егер Атрибуттың осы Форматтың

шеңберіндегі мүмкін болған мәндердің шектеулі саны болса, онда осы мәндердің тізімі көрсетіледі).

## 2. Өтініштер тізілімі Форматының сипаттамасы.

### 2.1. Жалпы ережелер.

Өтініштер тізілімі файлының қатаң белгіленген түрдегі атауы бар және ол қызметтік және ақпараттық бөліктерді қамтиды. Қызметтік бөлік (Add\_Info) өтініштер тізілімі файлының жалпы мәліметтерін (Common\_Info) және хабарламаны жөнелтуші туралы деректерді (sender\_info) қамтиды. Өтініштер тізілімі файлының ақпараттық бөлігі екі бөлек элементтен тұрады:

тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштер тізілімі (Registry\_Documents);

тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініштерді кері қайтарудың тізілімі (Revoked\_Documents).

### 2.2. Өтініштер тізілімі файлы атауының құрылымы.

Алмасу үшін деректері бар файлдар мынадай түрдегі атауға ие:

KSGGGGSSRRRNNNN.XML, онда:

KS – берілетін ақпараттың префиксі (жанама салықтар);

GGGG – ағымдағы жыл;

**SSS** – әлем елдерінің жалпыресейлік сыныптауышы бойынша (ӨЕЖС) ақпаратты беретін елдің цифрлық коды;


RRR – әлем елдерінің жалпыресейлік сыныптауышы бойынша (ӨЕЖС) ақпаратты алатын елдің цифрлық коды;

NNN – ағымдағы жылдағы өтініштер тізілімі файлының нөмірі.

Мысалы: KS2009112398111.XML, KS2009398112107.XML, KS2009643398403.XML, KS2015398051101.XML, KS2015051398131.XML.

### 2.3. Өтініштер тізілімі файлының сызбасы.

Өтініштер тізілімі файлының сызбасы графикалық түрде (диаграммамен) 2.3.1-суретте берілген. Сызбаның құрылымдық элементтерінің құрамы мен сипаттамасы осы құжаттың 2.4 және 2.5-бөлімдерінде берілген.



2.3.1-сурет. Өтініштер тізілімі файлының сызбасы.

Көрсетілген сызба элементтерінің құрылымы осы құжаттың 2.6-бөлімінің мынадай кестелерінде келтірілген:

| Блоктың атауы                                              | Блоктың сипаттамасы бар кестенің нөмірі |
|------------------------------------------------------------|-----------------------------------------|
| Қызметтік бөлігі                                           |                                         |
| <өтініштер тізілімінің файлы туралы мәліметтер>            | 2.6.1.1-кесте                           |
| <өтініштер тізілімінің файлын жөнелтуші туралы мәліметтер> | 2.6.1.2-кесте                           |

|                                                                                          |                |
|------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|
| Ақпараттық бөлік                                                                         |                |
| <өтініштер туралы мәліметтер>                                                            | 2.6.2.1-кесте  |
| <өтініштің 3-бөлімінің деректемелері туралы мәліметтер>                                  | 2.6.2.2-кесте  |
| <өтініштің 3-бөлімінен келісімшарттарға ерекшеліктердің деректемелері туралы мәліметтер> | 2.6.2.3-кесте  |
| <өтініштің 05-жолынан келісімшарттарға ерекшеліктердің деректемелері туралы мәліметтер>  | 2.6.2.4-кесте  |
| <өтініштің 07-жолынан келісімшарттарға ерекшеліктердің деректемелері туралы мәліметтер>  | 2.6.2.5-кесте  |
| <тауарлар мен төленген салықтар туралы мәліметтер>                                       | 2.6.2.6-кесте  |
| <көліктік (тауарға ілеспе) құжаттар туралы мәліметтер>                                   | 2.6.2.7-кесте  |
| <өтінішке қосымшаның шарттары (келісімшарттары) туралы мәліметтер>                       | 2.6.2.8-кесте  |
| <өтінішке қосымшадан келісімшарттарға ерекшеліктердің деректемелері туралы мәліметтер>   | 2.6.2.9-кесте  |
| <бағасы ұлғайтылған бұрын ұсынылған өтініш туралы мәліметтер>                            | 2.6.2.10-кесте |
| <өтінішті кері қайтарып алу туралы мәліметтер>                                           | 2.6.2.11-кесте |

Өтініштер тізілімі файлының XSD сызбасы осы құжатқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4. Өтініштер тізілімі файлының қызметтік бөлігінің сипаттамасы.

Өтініштер тізілімі файлының қызметтік бөлігі құрамында екі еншілес элементі: Common\_Info және sender\_info элементтері бар Add\_info элементін қамтиды.

2.4.1. Өтініштер тізілімінің файлы туралы мәліметтерді қамтитын Common\_Info еншілес элементінің сипаттамасы.

2.4.1.1. "Файл сәйкестендіргіші" Атрибуты міндетті болып табылады және әрбір файлға бірегей кодты беруге және хабар жөнелтушіні сәйкестендіруге мүмкіндік береді

Файл сәйкестендіргішінің мынадай құрылымы бар:

SSSRRRGGGGMMDDHNTTCC, онда:

**SSS** – ӘЕЖС анықтамалығына сәйкес хабар жөнелтуші елдің цифрлық коды;

**RRR** – ӘЕЖС анықтамалығына сәйкес хабар алушы елдің цифрлық коды;

**GGGG** – файлды қалыптастыру жылы;

**MM** – файлды қалыптастыру айы;

**DD** – файлды қалыптастыру күні;

**HH** – файлды қалыптастыру сағаты;

**TT** – файлды қалыптастыру минуты;

**CC** – файлды қалыптастыру секунды.

Мысалы: 11239820090620152130, 64339820090610132310, 39864320090611141020.



2.4.1.2. "Ақпарат типі" атрибуты міндетті болып табылады және жіберілетін файлдағы ақпарат типін анықтауға мүмкіндік береді. КҚ-ның белгілеп алынған мәні бар.

2.4.1.3. "Файл Форматының нұсқасы" атрибуты міндетті болып табылады және файл Форматының нұсқасын анықтайды.

2.4.1.4. "Файлдағы құжаттар саны" атрибуты міндетті болып табылады және берілетін файлдағы құжаттар (өтініштер мен Пікірлер) санын анықтайды. Файлда мәлімделген құжаттар санының нақты санына сәйкес келмеуі файл Форматын бұзушылық болып табылады.

2.4.2. Өтініштер тізілімінің файлын жөнелтуші туралы мәліметтерді қамтитын Sender\_Info еншілес элементінің сипаттамасы.

2.4.2.1. "Жөнелтушінің тегі" атрибуты міндетті болып табылады және файлды жіберу үшін дайындаған жауапты тұлғаның тегін анықтайды. Элементтердің мәндері бос орындар мен дефисті қамтуы мүмкін.

2.4.2.2. "Жөнелтушінің аты" атрибуты міндетті болып табылады және файлды жіберу үшін дайындаған жауапты тұлғаның атын анықтайды. Элементтердің мәндері бос орындар мен дефисті қамтуы мүмкін.

2.4.2.3. "Жөнелтушінің әкесінің аты" атрибуты міндетті болып табылады және файлды жіберу үшін дайындаған жауапты тұлғаның әкесінің атын анықтайды. Элементтердің мәндері бос орындар мен дефисті қамтуы мүмкін.

2.4.2.4. "Жөнелтушінің телефоны" атрибуты міндетті болып табылады және хабарламаны жөнелтушінің байланыс телефонын қамтиды. Өз бетінше форматта толтырылады.

2.4.2.5. "Жөнелтушінің e-mail-ы" атрибуты міндетті емес болып табылады және жөнелтушінің электрондық поштасының мекенжайын көрсетеді.

2.5. Өтініштер тізілімі файлының ақпараттық бөлігінің сипаттамасы.

Өтініштер тізілімі файлының ақпараттық бөлігі екі бөлек элементтен тұрады: Registry\_Documents (өтініштер тізілімі) және Revoked\_Documents (өтініштерді кері қайтарып алу тізілімі).

Registry\_Documents элементі Registry\_Document еншілес тізімдік элементінен тұрады, олардың әрқайсысы жеке өтініш бойынша мәліметтерді қамтиды.

Revoked\_Documents элементі Revoked\_Document еншілес тізімдік элементінен тұрады, олардың әрқайсысы жеке қайтарып алуға өтініш бойынша мәліметтерді қамтиды.

2.5.1. Өтініш туралы мәліметтерді қамтитын Registry\_Document элементінің сипаттамасы.

Registry\_Document элементі жеке атрибуттар мен еншілес элементтерді қамтитын міндетті кешенді элемент болып табылады:

өтініштің 3-бөлімінен ақпарат беруге арналған sect\_3 еншілес элементі;



жағдайда, 1 – егер құжат сұрау салуға жауап ретінде жіберілген жағдайда (2.1 нұсқасынан пайдаланылмайды), 2 – егер құжат мәлімет үшін жіберілген жағдайда.

2.5.1.1.5. "Сұрау салу сәйкестендіргіші" қызметтік атрибуты міндетті емес болып табылады және сұрау салудың электрондық түрдегі сәйкестендіргішін қамтиды. Егер өтініш сұрау салуға жауап болып табылған жағдайда толтырылады ("Құжаттың типі" атрибутында "1" мәні көрсетілген - 2.1 нұсқасынан пайдаланылмайды).

2.5.1.1.6. "Өтініштің салық төлеуші көрсеткен нөмірі" атрибуты міндетті емес атрибуты болып табылады және өтініштің 1-бөлімінде өтініштің салық төлеуші көрсеткен нөмірін қамтиды. Салық органында өтінішті тіркеу туралы 01.01.2015-тен үлкен немесе тең күнін белгілеу кезінде міндетті.

2.5.1.1.7. "Салық төлеуші көрсеткен өтініштің күні" міндетті емес атрибуты болып табылады және өтініштің 1-бөлімінде салық төлеуші көрсеткен өтініштің күнін қамтиды. Салық органында өтінішті тіркеу туралы 01.01.2015-тен үлкен немесе тең күнін белгілеу кезінде міндетті.

2.5.1.1.8. "Сатушының сәйкестендіру коды (нөмірі)<sup>2</sup>" атрибуты міндетті емес болып табылады және өтініштің 1-бөлімінде көрсетілген тауарды сатушының сәйкестендіру кодын (нөмірін) қамтиды.

2.5.1.1.9. "Сатушы – жеке тұлғаның белгісі" атрибуты міндетті болып табылады және мынадай мәндерді қабылдайды: true – true – егер өтініштің 1 – бөлімінде көрсетілген сатушы жеке тұлға (не дара кәсіпкер) болып табылған жағдайда false-егер өтініштің 1-бөлімінде көрсетілген сатушы заңды тұлға немесе дара кәсіпкер болып табылған жағдайда.

2.5.1.1.10. "Сатушының атауы" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 1-бөлімінің 01-жолында көрсетілген сатушының атауын (ұйымның толық атауын, дара кәсіпкердің Т.А.Ә., жеке тұлғаның Т. А. Ә.) қамтиды.

2.5.1.1.11. "Сатушы елінің коды" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 03-жолында көрсетілген ӘЕЖС бойынша сатушы елінің цифрлық кодын қамтиды.

2.5.1.1.12. "Сатып алушының сәйкестендіру коды (нөмірі)" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 1-бөлімінде көрсетілген тауарды сатып алушының сәйкестендіру кодын (нөмірін) қамтиды.

2.5.1.1.13. "Сатып алушының атауы" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 1-бөлімінің 02-жолында көрсетілген сатып алушының атауын (ұйымның толық атауын, дара кәсіпкердің Т.А.Ә.) қамтиды.

2.5.1.1.14. "Сатып алушы елінің коды" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 1-бөлімінің 04-жолында көрсетілген ӘЕЖС бойынша сатып алушы елінің цифрлық кодын қамтиды.

2.5.1.1.15. "Шарттың (келісімшарттың) нөмірі 1" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 1-бөлімінің 05-жолында көрсетілген шарттың (келісімшарттың) нөмірін қамтиды.

2.5.1.1.16. "Шарттың (келісімшарттың) күні 1" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 1-бөлімінің 05-жолында көрсетілген шарттың (келісімшарттың) күнін қамтиды.

2.5.1.1.17. "Комиссионердің, сенім білдірілген өкілдің не агенттің атауы" атрибуты міндетті емес болып табылады және өтініштің 1-бөлімінің 06-жолында көрсетілген комиссионердің, сенім білдірілген өкілдің не агенттің атауын (ұйымның толық атауын, дара кәсіпкердің Т.А.Ә.) қамтиды.

2.5.1.1.18. "Шарттың (келісімшарттың) нөмірі 2" атрибуты міндетті емес болып табылады және өтініштің 1-бөлімінің 07-жолында көрсетілген шарттың (келісімшарттың) нөмірін қамтиды.

2.5.1.1.19. "Шарттың (келісімшарттың) күні 2" атрибуты міндетті емес болып табылады және өтініштің 1-бөлімінің 07-жолында көрсетілген шарттың (келісімшарттың) күнін қамтиды.

2.5.1.1.20. "Лизинг шартының белгісі" атрибуты міндетті болып табылады және мынадай мәндерді қабылдайды: false – егер өтініштің қағаз нысанындағы лизинг шартының белгісі болмаған жағдайда; true – егер өтініштің қағаз нысанындағы лизинг шартының белгісі белгіленген жағдайда.

2.5.1.1.21. "Алыс – беріс шикізатын қайта өңдеу шартының белгісі" атрибуты міндетті болып табылады және мынадай мәндерді қабылдайды: false – егер өтініштің қағаз нысанында алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу шартының белгісі болмаған жағдайда; true-егер өтініштің қағаз нысанында алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу шартының белгісі белгіленген жағдайда.

2.5.1.1.22. "Өтінішке қол қойған адамның Т.А.Ә." атрибуты міндетті емес болып табылады және өтініштің 1-бөлімінде көрсетілген өтінішке қол қойған сатып алушының – ұйым басшысының, дара кәсіпкердің немесе уәкілетті тұлғаның Т.А.Ә. қамтиды.

2.5.1.1.23. "Өтінішті тіркеу туралы белгі нөмірі" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 2-бөлімінде көрсетілген салық органында тіркеу туралы белгі нөмірін қамтиды.

2.5.1.1.24. "Өтінішті салық органында тіркеу туралы белгі қойылған күн" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 2-бөлімінде көрсетілген өтінішті салық органында тіркеу туралы белгі қойылған күнді қамтиды.

2.5.1.1.25. "Сомадағы ҚҚС (төленген)" атрибуты міндетті емес болып табылады және өтініштің 2-бөлімінде көрсетілген салық органының белгісіне сәйкес төленген қосылған құн салығының сомасын қамтиды.

2.5.1.1.26. "Сомадағы акциздер (төленген)" атрибуты міндетті емес болып табылады және өтініштің 2-бөлімінде көрсетілген салық органының белгісіне сәйкес акциздердің төленген сомасын қамтиды.

2.5.1.1.27. "Акциздердің салықтық базасы (жиынтығы)" атрибуты міндетті емес болып табылады және тауар жолдары бойынша акциздердің салықтық базасының сомасын қамтиды.

2.5.1.1.28. "ҚҚС салық базасы (жиынтығы)" атрибуты міндетті емес болып табылады және тауар жолдары бойынша ҚҚС салықтық базасының сомасын қамтиды. Салық органында өтінішті тіркеу туралы 01.01.2015-тен үлкен немесе оған тең күнді белгілеген кезде міндетті.

2.5.1.1.29. "Акциздер салықтарының сомасы (жиынтығы)" атрибуты міндетті емес болып табылады және тұтас бірлікке дейін дөңгелектелген тауар жолдары бойынша акциздер салықтарының сомасын қамтиды (математикалық қағида).

2.5.1.1.30. "ҚҚС салықтарының сомасы (жиынтығы)" атрибуты міндетті емес болып табылады және тұтас бірлікке дейін дөңгелектелген тауар жолдары бойынша ҚҚС салықтарының сомасын қамтиды (математикалық қағида). Салық органында өтінішті тіркеу туралы 01.01.2015-тен үлкен немесе оған тең күнді белгілеген кезде міндетті.

2.5.1.1.31. "Инспектордың аты-жөні" атрибуты міндетті емес атрибуты болып табылады және өтінішті тексерген және өтініштің 2-бөлімінде көрсетілген жанама салықтарды (ҚҚС және (немесе) акциздерді салық салудан босату) төлеу туралы белгі қойған инспектордың аты-жөнін қамтиды. Салық органында өтінішті тіркеу туралы 01.01.2015-тен үлкен немесе оған тең күнді белгілеген кезде міндетті.

2.5.1.1.32. "Салық органының салықтарды төлеу туралы белгі қойған күні" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 2-бөлімінде көрсетілген салық органы салықтарды төлеу туралы белгі қойған күнді қамтиды.

2.5.1.1.33. "Салық органының атауы" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 2-бөлімінде көрсетілген салық органының атауын қамтиды.

2.5.1.1.34. "Өтінішті беру тәсілі" атрибуты міндетті болып табылады және мынадай мәндерді қабылдайды: 1 – егер өтініш қағаз жеткізгіште және электрондық түрде ұсынылған жағдайда, 2 – егер өтініш тек электрондық (электрондық-цифрлық) қолтаңбамен ұсынылған жағдайда.

2.5.1.1.35. "Кері қайтарып алынған өтініштің сәйкестендіргіші" атрибуты міндетті емес атрибуты болып табылады және ауыстыру әдістерінің бірімен өтінішті кері қайтарып алған жағдайда, кері қайтарып алынған өтініштің сәйкестендіргішін қамтиды.

2.5.1.1.36. "Кері қайтарып алынған өтініштің салық органында тіркелгені туралы белгінің нөмірі" атрибуты міндетті емес атрибуты болып табылады және кері қайтарып алынған өтініштің 2-бөлімінде көрсетілген кері қайтарып алынған өтініштің салық органында тіркелгені туралы белгінің нөмірін қамтиды. Ауыстыру әдістерінің бірімен өтінішті кері қайтарып алған жағдайда толтырылады.

2.5.1.1.37. "Кері қайтарып алынған өтініштің салық органында тіркелгені туралы белгі қойылған күн" атрибуты міндетті емес атрибуты болып табылады және кері қайтарып алынған өтініштің 2-бөлімінде көрсетілген кері қайтарып алынған өтініштің салық органында тіркелгені туралы белгі қойылған күнді қамтиды. Ауыстыру әдістерінің бірімен өтінішті кері қайтарып алған жағдайда толтырылады.

2.5.1.1.38. "Алдыңғы өтініштің салық органында тіркелгені туралы белгі нөмірі" атрибуты міндетті емес атрибуты болып табылады және салық төлеуші көрсеткен алдыңғы өтініштің салық органында тіркелгені туралы белгі нөмірін қамтиды. Құжаттың пайда болу себебі = 4 немесе 6 болған кезде міндетті.

2.5.1.1.39. "Алдыңғы өтініштің салық органында тіркелгені туралы белгі қойылған күн" атрибуты міндетті емес атрибуты болып табылады және салық төлеуші көрсеткен алдыңғы өтініштің салық органында тіркелгені туралы белгі қойылған күнді қамтиды. Құжаттың пайда болу себебі = 4 немесе 6 болған кезде міндетті.

2.5.1.1.40. "Ескерту" атрибуты міндетті емес атрибуты болып табылады және өтініш туралы қосымша мәтіндік ақпаратты қамтиды.

2.5.1.2. Өтініштің 3-бөлімінен мәліметтерді қамтыған Sect \_3 элементінің сипаттамасы.

Sect\_3 элементі өзіне өтініштің 3-бөлімінен келісімшарттарға ерекшеліктердің деректемелерін беруге арналған атрибуттар мен spes\_3 еншілес элементін қамтитын міндетті емес кешенді элемент болып табылады.

2.5.1.2.1. Sect\_3 элементі атрибуттарының сипаттамасы.

2.5.1.2.1.1. "Сатушы типі" атрибуты міндетті емес болып табылады және сатушы типін беруге арналған. Мынадай мәндерді қабылдауы мүмкін: 6 (сатушы), 0 (комитент), 1 (сенім білдіруші), 2 (принципал). Салық органында өтінішті тіркеу туралы 01.01.2015-тен үлкен немесе оған тең күнді белгілеген кезде міндетті.

2.5.1.2.1.2. "Сатушының, комитенттің, сенім білдірушінің, принципалдың сәйкестендіру коды (нөмірі)" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 3-бөлімінде көрсетілген сатушының, комитенттің, сенім білдірушінің, принципалдың сәйкестендіру кодын (нөмірін) қамтиды.

2.5.1.2.1.3. "Сатушының, комитенттің, сенім білдірушінің, принципалдың атауы" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 3-бөлімінің 08-жолында көрсетілген сатушының, комитенттің, сенім білдірушінің, принципалдың (ұйымның толық атауы, дара кәсіпкердің Т.А.Ә.) атауының мәнін қабылдайды.

2.5.1.2.1.4. "Сатушы, комитент, сенім білдіруші, принципал елінің коды" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 3-бөлімінің 10-жолында көрсетілген ӘЕЖС бойынша салық төлеуші елінің цифрлық кодын қамтиды.

2.5.1.2.1.5. "Сатып алушының түрі" атрибуты міндетті емес болып табылады және сатып алушының типін беруге арналған. Мынадай мәндерді қабылдауы мүмкін: 7 (Сатып алушы), 3 (комиссионер), 4 (сенім білдірілген өкіл), 5 (агент). Салық органында

өтінішті тіркеу туралы 01.01.2015-тен үлкен немесе оған тең күнді белгілеген кезде міндетті.

2.5.1.2.1.6. "Сатып алушының, комиссионердің, сенім білдірілген өкілдің, агенттің сәйкестендіру коды (нөмірі)" атрибуты міндетті емес болып табылады және өтініштің 3-бөлімінде көрсетілген сатып алушының, комиссионердің, сенім білдірілген өкілдің, агенттің сәйкестендіру кодын (нөмірін) қамтиды.

2.5.1.2.1.7. "Сатып алушының, комиссионердің, сенім білдірілген өкілдің, агенттің атауы" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 3-бөлімінің 09-жолында көрсетілген сатып алушының, комиссионердің, сенім білдірілген өкілдің, агенттің (ұйымның толық атауы, дара кәсіпкердің Т.А.Ә.) атауының мәнін қабылдайды.

2.5.1.2.1.8. "Сатып алушы, комиссионер, сенім білдірілген өкіл, агент елінің коды" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 3-бөлімінің 11-жолында көрсетілген ӘЕЖС бойынша салық төлеуші-сатып алушы елдің цифрлық кодын қамтиды.

2.5.1.2.1.9. "3-бөлімнің шартының (келісімшартының) нөмірі" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 3-бөлімінде көрсетілген шарттың (келісімшарттың) нөмірін қамтиды.

2.5.1.2.1.10. "3-бөлімнің шартының (келісімшартының) күні" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 3-бөлімінде көрсетілген шарттың (келісімшарттың) күнін қамтиды.

2.5.1.2.2. Spec\_3 еншілес элементінің сипаттамасы.

Spec\_3 элементі міндетті емес болып табылады және өтініштің 3-бөлімінен келісімшарттарға ерекшеліктердің деректемелері туралы тізімдік мәліметтерді қамтиды.

2.5.1.2.2.1. "Ерекшеліктің реттік нөмірі" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 3-бөлімінен келісімшартқа ерекшеліктер деректемелерінің тізіміндегі ерекшеліктің реттік нөмірін қамтиды.

2.5.1.2.2.2. "Ерекшелік нөмірі" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 3-бөлімінде көрсетілген шартқа (келісімшартқа) ерекшеліктің нөмірін қамтиды.

2.5.1.2.2.3. "Ерекшеліктің күні" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 3-бөлімінде көрсетілген шартқа (келісімшартқа) ерекшеліктің күнін қамтиды.

2.5.1.3. Spec\_05 еншілес элементінің сипаттамасы.

Spec\_05 элементі міндетті емес болып табылады және өтініштің 05-жолынан келісімшарттарға ерекшеліктердің деректемелері туралы тізімдік мәліметтерді қамтиды. Spec\_05 саны 1000 (мың) элементтен аспауы тиіс.

2.5.1.3.1. "Ерекшеліктің реттік нөмірі" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 1-бөлімінің 05-жолынан келісімшартқа ерекшеліктердің деректемелерінің тізіміндегі ерекшеліктің реттік нөмірін қамтиды.

2.5.1.3.2. "Ерекшеліктің нөмірі" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 1-бөлімінің 05-жолында көрсетілген шартқа (келісімшартқа) ерекшеліктің нөмірін қамтиды.

2.5.1.3.3. "Ерекшеліктің күні" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 1-бөлімінің 05-жолында көрсетілген шартқа (келісімшартқа) ерекшеліктің күнін қамтиды.

2.5.1.4. Spec\_07 еншілес элементінің сипаттамасы.

Spec\_07 элементі міндетті емес болып табылады және өтініштің 07-жолынан келісімшарттарға ерекшеліктердің деректемелері туралы тізімдік мәліметтерді қамтиды . Spec\_07 саны 1000 (мың) элементтен аспауы тиіс.

2.5.1.4.1. "Ерекшеліктің реттік нөмірі" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 1-бөлімінің 07-жолынан келісімшартқа ерекшеліктердің деректемелерінің тізіміндегі ерекшеліктің реттік нөмірін қамтиды.

2.5.1.4.2. "Ерекшеліктің нөмірі" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 1-бөлімінің 07-жолында көрсетілген шартқа (келісімшартқа) ерекшеліктің нөмірін қамтиды.

2.5.1.4.3. "Ерекшеліктің күні" атрибуты міндетті болып табылады және өтініш берушінің 1-бөлімінің 07-жолында көрсетілген шартқа (келісімшартқа) ерекшеліктің күнін қамтиды.

2.5.1.5. Тауарлар мен төленген салықтар туралы мәліметтерді қамтитын Comodity еншілес элементінің сипаттамасы.

Comodity элементі тауарлар туралы мәліметтерді көрсету үшін өз атрибуттарын және тауарлар туралы мәліметтердің әрбір жолы бойынша көліктік (тауарға ілеспе) құжаттар туралы ақпаратты беруге арналған transdocs еншілес элементін қамтитын міндетті кешенді элемент болып табылады.

2.5.1.5.1. Commodity элементі атрибуттарының сипаттамасы.

2.5.1.5.1.1. "Құжаттағы тәртіп бойынша тауар нөмірі" қызметтік атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 1-бағанында көрсетілген тауардың реттік нөмірін қамтиды.

2.5.1.5.1.2. "Тауар атауы" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 2-бағанында көрсетілген атауды қамтиды.

2.5.1.5.1.3. "СЭҚ ТН бойынша тауар коды" атрибуты міндетті емес болып табылады және өтініштің 3-бағанында көрсетілген Сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасына (ЕАЭО СЭҚ ТН) сәйкес тауардың кодын қамтиды.

2.5.1.5.1.4. "Тауардың өлшем бірлігі" атрибуты міндетті емес болып табылады және өтініштің 4-бағанында көрсетілген тауардың өлшем бірлігінің атауына сәйкес келетін Өлшем бірліктерінің жалпыресейлік сыныптауышы (ӨБЖС) бойынша тауардың өлшем бірлігінің кодын қамтиды. Салық органында өтінішті тіркеу туралы 01.01.2015-тен



үлкен немесе оған тең күнді белгілеген кезде міндетті. Өлшем бірліктерінің жалпыресейлік сыныптауышында (ӨБЖС) тауардың өлшем бірлігінің коды болмаған жағдайда, FFFF мәні көрсетіледі.

2.5.1.5.1.5. "Тауардың саны" атрибуты міндетті емес болып табылады және өтініштің 5-бағанында көрсетілген тауардың санын қамтиды. Салық органында өтінішті тіркеу туралы 01.01.2015-тен үлкен немесе оған тең күнді белгілеген кезде міндетті.

2.5.1.5.1.6. "Тауардың (жұмыстың) құны" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 6-бағанында көрсетілген тауардың құнын қамтиды.

2.5.1.5.1.7. "Валюта коды" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 6-бағанында тауардың құны көрсетілген Валюталардың жалпыресейлік сыныптауышы (ВЖС) бойынша өтініштің 7-бағанынан валютаның цифрлық кодын қамтиды.

2.5.1.5.1.8. "Валюта бағамы" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 8-бағанынан валюта бағамын қамтиды.

2.5.1.5.1.9. "Шот-фактураның нөмірі" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 11-бағанынан шот-фактураның нөмірі туралы ақпаратты қамтиды.

2.5.1.5.1.10. "Шот-фактура күні" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 12-бағанында көрсетілген шот-фактураның үзінді-көшірмесінің күнін қамтиды.

2.5.1.5.1.11. "Тауарды есепке алу күні" атрибуты міндетті болып табылады және салық төлеушінің өтініштің 13-бағанында көрсетілген әкелінген тауарды есепке алу күнін қамтиды.

2.5.1.5.1.12. "Салық базасы (акциздер)" атрибуты міндетті емес болып табылады және өтініштің 14-бағанында көрсетілген акциздер бойынша салық базасының шамасын (ақшалай мәндегі соманы немесе оларға қатысты акциздердің тіркелген мөлшерлемелері белгіленген тауарлардың санын (көлемін)) қамтиды.

2.5.1.5.1.13. "Салық базасы (ҚҚС)" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 15-бағанында көрсетілген қосылған құн салығы бойынша салық базасының шамасын (ақшалай мәндегі соманы) қамтиды.

2.5.1.5.1.14. "Тіркелген (ерекшелігі бар) салық мөлшерлемесі (акциздер)" атрибуты міндетті емес болып табылады және өтініштің 16-бағанынан ұлттық валютада қайта есептелген акциздер мөлшерлемесін қамтиды. Бұл ретте, егер тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) бойынша жеңілдік қолданылса, онда "тіркелген (ерекшелігі бар) салық мөлшерлемесі" Атрибуты ақпарат алмасу кезінде "-1" мәнімен толтырылады.

2.5.1.5.1.15. "Адвалорлық салық мөлшерлемесі (акциздер)" атрибуты міндетті емес болып табылады және өтініштің 17-бағанынан пайызбен көрсетілген акциз мөлшерлемесін қамтиды. Бұл ретте, егер тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) бойынша жеңілдік қолданылса, онда "адвалорлық салық мөлшерлемелері (акциздер)" атрибуты ақпарат алмасу кезінде "-1" мәнімен толтырылады.

2.5.1.5.1.16. "Салық мөлшерлемесі (ҚҚС)" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 18-бағанында көрсетілген қосылған құн салығының мөлшерлемесін (пайызбен) қамтиды. Бұл ретте, егер тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) бойынша жеңілдік қолданылса, онда "салық мөлшерлемесі (ҚҚС)" атрибуты ақпарат алмасу кезінде "-1" мәнімен толтырылады.

2.5.1.5.1.17. "Салық сомасы (акциздер)" атрибуты міндетті емес болып табылады және өтініштің 19-бағанында көрсетілген акциз сомасын (ақшалай мәнде) қамтиды.

2.5.1.5.1.18. "Салық сомасы (ҚҚС)" атрибуты міндетті емес болып табылады және өтініштің 20-бағанында көрсетілген қосылған құн салығының сомасын (ақшалай мәнде) қамтиды.

2.5.1.5.2. Көліктік (тауарға ілеспе) құжаттар туралы мәліметтерді қамтитын Transdocs еншілес элементі атрибуттарының сипаттамасы.

Transdocs элементі міндетті болып табылады және өтініштің 1-бөлімінің тауарлар тізіліміндегі тауар позициясының әрбір жолы үшін көрсетілген көліктік (тауарға ілеспе) құжаттардың деректемелері туралы тізімдік мәліметтерді қамтиды. Transdocs элементтерінің саны шектелмеген.

2.5.1.5.2.1. "Көліктік (тауарға ілеспе) құжаттың сериясы, нөмірі" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 9-бағанынан көліктік (тауарға ілеспе) құжаттың сериясы мен нөмірі туралы ақпаратты қамтиды.

2.5.1.5.2.2. "Көліктік (тауарға ілеспе) құжаттың күні" атрибуты міндетті болып табылады және өтініштің 10-бағанында көрсетілген көліктік (тауарға ілеспе) құжаттың күнін қамтиды.

2.5.1.6. Өтінішке қосымшадан шарттар (келісімшарттар) туралы мәліметтерді қамтитын Contract еншілес элементінің сипаттамасы.

Contract элементі өз атрибуттары мен spec\_pril еншілес элементін қамтитын, өтінішке Қосымшадан келісімшарттарға ерекшеліктердің деректемелері туралы ақпаратты беруге арналған міндетті емес кешенді элемент болып табылады.

2.5.1.6.1. Contract элементі атрибуттарының сипаттамасы.

2.5.1.6.1.1. "Реттік нөмір" қызметтік атрибуты міндетті болып табылады және сатушы, сатып алушы және шарт (келісімшарт) туралы мәліметтерді қамтитын Қосымшадан сегменттің реттік нөмірін қамтиды.

2.5.1.6.1.2. "Сатушы типі" атрибуты міндетті емес және сатушының типін белгілеуге арналған. Мынадай мәндерді қабылдауы мүмкін: 0 (комитент), 1 (сенім білдіруші), 2 (принципал), 3 (комиссионер), 4 (Сенім білдірілген өкіл), 5 (Агент), 6 (Сатушы), 7 (Сатып алушы). Салық органында өтінішті тіркеу туралы 01.01.2015-тен үлкен немесе оған тең күнді белгілеген кезде міндетті.

2.5.1.6.1.3. "Сатушының (комиссионердің, сенім білдірілген өкілдің, агенттің / комитенттің, сенім білдірушінің, принципалдың) сәйкестендіру коды (нөмірі)"

атрибуты міндетті емес болып табылады және тауарды сатушының сәйкестендіру кодын (нөмірін) қамтиды.

2.5.1.6.1.4. "Сатушының (комиссионердің, сенім білдірілген өкілдің, агенттің / комитенттің, сенім білдірушінің, принципалдың атауы)" атрибуты міндетті болып табылады және сатушының атауын (ұйымның толық атауын, дара кәсіпкердің Т.А.Ә., жеке тұлғаның Т.А.Ә.) қамтиды.

2.5.1.6.1.5. "Сатушы елінің (комиссионердің, сенім білдірілген адамның, агенттің / комитенттің, сенім білдірушінің, принципалдың) коды" атрибуты міндетті болып табылады және ӘЕЖС бойынша салық төлеуші елінің цифрлық кодын қамтиды.

2.5.1.6.1.6. "Сатып алушының типі" атрибуты міндетті емес болып табылады және сатып алушының типін белгілеуге арналған; мынадай мәндерді қабылдауы мүмкін: 0 (Комитент), 1 (Сенім білдіруші), 2 (Принципал), 3 (Комиссионер), 4 (Сенім білдірілген өкіл), 5 (Агент), 6 (Сатушы), 7 (Сатып алушы). Салық органында өтінішті тіркеу туралы 01.01.2015-тен үлкен немесе оған тең күнді белгілеген кезде міндетті.

2.5.1.6.1.7. "Сатып алушының (комиссионердің, сенім білдірілген өкілдің, агенттің / комитенттің, сенім білдірушінің, принципалдың) сәйкестендіру коды (нөмірі)" атрибуты міндетті емес болып табылады және тауарды сатып алушының сәйкестендіру кодын (нөмірін) қамтиды.

2.5.1.6.1.8. "Сатып алушының (комиссионердің, сенім білдірілген өкілдің, агенттің / комитенттің, сенім білдірушінің, принципалдың атауы)" атрибуты міндетті болып табылады және сатып алушының атауын (ұйымның толық атауын, дара кәсіпкердің Т.А.Ә.) қамтиды.

2.5.1.6.1.9. "Сатып алушы елінің коды (комиссионердің, сенімді өкілдің, агенттің / комитенттің, сенім білдірушінің, принципалдың)" атрибуты міндетті болып табылады және ӘЕЖС бойынша салық төлеуші-сатып алушы елінің цифрлық кодын қамтиды.

2.5.1.6.1.10. "Шарттың (келісімшарттың) нөмірі" атрибуты міндетті болып табылады және шарттың (келісімшарттың) нөмірін қамтиды.

2.5.1.6.1.11. "Шарттың (келісімшарттың) күні" атрибуты міндетті болып табылады және шарттың (келісімшарттың) күнін қамтиды.

2.5.1.6.2. Spec\_pril еншілес элементінің сипаттамасы.

Spec\_pril элементі міндетті емес болып табылады және өтінішке қосымшадан келісімшарттарға ерекшеліктердің деректемелері туралы тізімдік мәліметтерді қамтиды. Spec\_pril саны 1000 (мың) элементтен аспауы тиіс.

2.5.1.6.2.1. "Ерекшеліктің реттік нөмірі" атрибуты міндетті болып табылады және өтінішке Қосымшадан келісімшартқа ерекшеліктердің деректемелерінің тізіміндегі ерекшеліктің реттік нөмірін қамтиды.

2.5.1.6.2.2. "Ерекшелік нөмірі" атрибуты міндетті болып табылады және өтінішке Қосымшада көрсетілген шартқа (келісімшартқа) ерекшеліктің нөмірін қамтиды.





себептерінің кодын қамтиды. Өтініштерді кері қайтарып алу себептерінің анықтамалығы бойынша мүмкін болатын мәндердің бірін көрсетеді.

2.5.2.1.10. "Ескерту" атрибуты міндетті емес атрибуты болып табылады және өтініштерді кері қайтарып алу себептері туралы қосымша мәтіндік ақпаратты немесе өзге де қосымша ақпаратты қамтиды.

## 2.6. Өтініштер тізілімі файлын ұсыну форматы.

### 2.6.1. Файлдың қызметтік бөлігінің құрамы мен құрылымы.

#### 2.6.1.1. Өтініштер тізілімінің файлы туралы мәліметтер.

##### 2.6.1.1-тармағына кесте

| Атрибуттың атауы          | Типі | Форматы | Атрибуты            | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат                                                                          |
|---------------------------|------|---------|---------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Файлдың сәйкестендіргіші  | O    | T(20)   | file_id             | <жөнелтуші елдің коды><алушы елдің коды><жыл><ай><күн> <сағат><минут><секунд>, атрибуттың ұзындығы 20 белгіге тең |
| Ақпараттың типі           | O    | T(1-20) | info_type           | <мәтін><br>Мәнді қабылдайды: "ТҚ"                                                                                 |
| Файл форматының нұсқасы   | O    | T(1-5)  | version             | <мәтін><br>Мәнді қабылдайды: 2.1                                                                                  |
| Файлдағы құжаттардың саны | O    | N(1-7)  | registry_docs_count | <сан>                                                                                                             |

#### 2.6.1.2. Өтініштер тізілімінің файлын жөнелтуші туралы мәліметтер.

##### 2.6.1.2-кесте

| Атрибуттың атауы      | Типі | Форматы | Атрибуты   | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|-----------------------|------|---------|------------|------------------------------------------|
| Жөнелтушітегі         | O    | T(1-60) | surname    | <тегі>                                   |
| Жөнелтушіаты          | O    | T(1-60) | name       | <аты>                                    |
| Жөнелтушіәкесінің аты | N    | T(0-60) | patronymic | <әкесінің аты>                           |
| Жөнелтушінің телефоны | O    | T(1-20) | phone      | <телефон нөмірі>                         |
| Жөнелтушінің E-mailы  | N    | T(0-45) | email      | <электрондық поштаның мекенжайы>         |

### 2.6.2. Файлдың ақпараттық бөлігінің құрамы мен құрылымы.

#### 2.6.2.1. Өтініш туралы мәліметтер.

##### 2.6.2.1-кесте

|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|

| Атрибуттың атауы               | Типі | Форматы | Атрибут коды | Атрибут құрылымы және қосымша ақпарат                                                                                                                                                |
|--------------------------------|------|---------|--------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Құжаттың сәйкестендіргіші      | O    | T(33)   | id           | <жөнелтушіні сәйкестендіру><ел коды><жыл><нөмірі>, атрибут ұзындығы әрқашан 33 белгі.                                                                                                |
| Құжатты қалыптастыру күні      | O    | D       | date_form    | <күні>                                                                                                                                                                               |
| Сұрау салудың сәйкестендіргіші | O    | T(36)   | request_id   | <сұрау салудың сәйкестендіргіші>, атрибут ұзындығы әрқашан 36 белгі                                                                                                                  |
| Сұрау салу типі                | O    | N(1)    | request_type | Мына мәндерді қабылдайды:<br>1 – өтініш электрондық түрде жоқ;<br>2 – өтініштердің қағаз жеткізгіште және электрондық түрде сәйкес келмеуі;<br>3 – сұрау салудың басқа да жағдайлары |

|                                                        |   |          |                |                                                       |
|--------------------------------------------------------|---|----------|----------------|-------------------------------------------------------|
| Сатушының сәйкестендіру коды (нөмірі)                  | H | T(1-50)  | id_seller      | <мәтін>                                               |
| Сатушының атауы                                        | O | T(1-400) | name_seller    | <мәтін>                                               |
| Сатушы елінің коды                                     | O | K(3)     | country_seller | Ә Е Ж С анықтамалығы бойынша <код>                    |
| Сатып алушыны сәйкестендіру коды (нөмірі)              | O | T(8-14)  | id_buyer       | <мәтін>                                               |
| Сатып алушының атауы                                   | O | T(1-400) | name_buyer     | <мәтін>                                               |
| Сатып алушы елінің коды                                | O | K(3)     | country_buyer  | Ә Е Ж С анықтамалығы бойынша <код>                    |
| Салық органында өтінішті тіркеу туралы белгінің нөмірі | O | T (1-18) | mark_num       | <мәтін>                                               |
| Салық органында өтінішті тіркеу туралы белгінің күні   | O | D        | mark_date      | <күні>                                                |
| Ескертпе                                               | H | T(4000)  | comment        | <мәтін><br>request_type кезінде = 2 немесе 3 міндетті |

#### 4. Хабарламалар тізілімі файлы форматының сипаттамасы.

##### 4.1. Жалпы ережелер.

Хабарламалар тізілімі файлының қатаң белгіленген түрдегі атауы бар және ол қызметтік және ақпараттық бөліктерді қамтиды. Қызметтік бөлік хабарламалар тізілімі файлы туралы жалпы мәліметтерді және хабар жөнелтуші туралы деректерді қамтиды. Файлдың ақпараттық бөлігі хабарламалар тізілімін қамтиды.

##### 4.2. Хабарламалар тізілімі файлы атауының құрылымы.

Алмасу үшін деректері бар файлдар мынадай түрдегі атауға ие:

USGGGGSSRRRNNN.XML, мұнда

US – берілетін ақпараттың префиксі (хабарламалар тізілімі);

GGGG – ағымдағы жыл;

SSS – Әлем елдерінің жалпыресейлік сыныптауышы (ӘЕЖС) бойынша ақпаратты беретін елдің цифрлық коды;


RRR – Әлем елдерінің жалпыресейлік сыныптауышы (ӘЕЖС) бойынша ақпаратты алатын елдің цифрлық коды;

NNN – ағымдағы жылғы хабарламалар тізілімі файлының нөмірі. Мысалы: US2009112398111.XML, US2009398112107.XML, US2009643398403.XML.



### 4.3. Хабарламалар тізілімі файлының сызбасы

Хабарламалар тізілімі файлының сызбасы графикалық түрде (диаграммамен) 4.3.1-суретте берілген. Сызбаның құрылымдық элементтерінің құрамы мен сипаттамасы осы құжаттың 4.4. және 4.5-бөлімдерінде берілген.



4.3.1-сурет. Хабарламалар тізілімі файлының сызбасы.

Көрсетілген сызба элементтерінің құрылымы осы құжаттың 4.6-бөлімінің мынадай кестелерінде келтірілген:

| Блоктың атауы                                              | Блоктың сипаттамасы бар кестінің нөмірі |
|------------------------------------------------------------|-----------------------------------------|
| Қызметтік бөлігі                                           |                                         |
| <хабарламалар тізілімі файлы туралы мәліметтер>            | 4.6.1.1-кесте                           |
| <хабарламалар тізілімі файлын жөнелтуші туралы мәліметтер> | 4.6.1.2-кесте                           |
| Ақпараттық бөлік                                           |                                         |
| <сұрау салу туралы мәліметтер>                             | 4.6.2.1-кесте                           |

Хабарламалар тізілімі файлының XSD сызбасының сипаттамасы осы құжатқа 3-қосымшада келтірілген.

#### 4.4. Хабарламалар тізілімі файлы қызметтік бөлігі деректемелерінің сипаттамасы.

Хабарламалар тізілімі файлының қызметтік бөлігі құрамында екі еншілес элементі: Common\_Info және Sender\_Info элементтері бар Add\_Info элементін қамтиды.

##### 4.4.1. Хабарламалар тізілімі файлы туралы мәліметтерді қамтитын Common\_Info еншілес элементінің сипаттамасы.

4.4.1.1. "Файл сәйкестендіргіші" қызметтік атрибуты міндетті болып табылады және әрбір файлға бірегей кодты беруге және хабар жөнелтушіні сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Файл сәйкестендіргішінің мынадай құрылымы бар:

SSSRRRGGGGMMDDHHTTCC, мұнда:

SSS – ӘЕЖС бойынша хабарды жөнелтуші елдің цифрлық коды;

RRR – ӘЕЖС бойынша хабарды алушы елдің цифрлық коды;

GGGG – файлды қалыптастыру жылы;

MM – файлды қалыптастыру айы;

DD – файлды қалыптастыру күні;

HH – файлды қалыптастыру сағаты;

TT – файлды қалыптастыру минуты;

CC – файлды қалыптастыру секунды.

Мысалы: 11239820090620152130, 64339820090610132310, 39864320090611141020.

4.4.1.2. "Ақпарат типі" атрибуты міндетті болып табылады және жіберілетін файлдағы ақпарат типін анықтауға мүмкіндік береді. КҚХАБАРЛ белгілеп алынған мәні бар.

4.4.1.3. "Файл форматының нұсқасы" атрибуты міндетті болып табылады және файл форматының нұсқасын анықтайды.

4.4.1.4. "Файлдағы құжаттардың саны" атрибуты міндетті болып табылады және жіберілетін файлдағы құжаттардың санын анықтайды. Файлда мәлімделген құжаттар санының нақты санына сәйкес келмеуі файл форматын бұзушылық болып табылады.

4.4.2. Хабарламалар тізілімі файлын жөнелтуші туралы мәліметтерді қамтитын Sender\_Info еншілес элементінің сипаттамасы.

4.4.2.1. "Тегі" атрибуты міндетті болып табылады және файлды беру үшін дайындаған жауапты тұлғаның тегін анықтайды. Элементтердің мәндері бос орынды және дефисті қамтуы мүмкін.

4.4.2.2. "Аты" атрибуты міндетті болып табылады және файлды беру үшін дайындаған жауапты тұлғаның атын анықтайды. Элементтердің мәндері бос орынды және дефисті қамтуы мүмкін.

4.4.2.3. "Әкесінің аты" атрибуты міндетті емес болып табылады және файлды беру үшін дайындаған жауапты тұлғаның әкесінің атын анықтайды. Элементтердің мәндері бос орынды және дефисті қамтуы мүмкін.

4.4.2.4. "Жөнелтушінің телефоны" атрибуты міндетті болып табылады және хабар жөнелтушінің байланыс телефонын қамтиды. Өз бетінше форматта толтырылады.

4.4.2.5. "Жөнелтушінің e-mail-ы" атрибуты міндетті емес болып табылады және жөнелтушінің электрондық пошта мекенжайын көрсетеді.

4.5. Хабарламалар тізілімі файлы ақпараттық бөлігінің сипаттамасы.

Хабарламалар тізілімі файлының ақпараттық бөлігі сұрау салу туралы ақпаратты қамтитын Bad\_Request тізімдік элементінен тұрады.

4.5.1. Хабарлама атрибуттарының сипаттамасы.

4.5.1.1. "Сұрау салудың сәйкестендіргіші" қызметтік атрибуты міндетті болып табылады және сұрау салудың сәйкестендіргішін қамтиды, оған жауап ретінде GUID – өтініштің жоқ екендігі туралы хабарлама беріледі.

4.5.1.2. "Хабарлама типі" атрибуты міндетті болып табылады және мынадай мәндерді қабылдайды: 1 – өтініштің жоқ екендігі туралы хабарлама; 2 – сұрау салудың дұрыс еместігі туралы хабарлама; 3 – қалған жағдайлардағы хабарлама.

4.5.1.3. "Ескертпе" атрибуты міндетті атрибут болып табылады және өтініштің жоқ болу себептері туралы қосымша мәтіндік ақпаратты немесе өзге де қосымша ақпаратты қамтиды.

#### 4.6. Хабарламалар тізілімі файлын беру форматы.

##### 4.6.1. Хабарламалар тізілімі файлы қызметтік бөлігінің құрамы мен құрылымы.

##### 4.6.1.1. Хабарламалар тізілімі файлы туралы мәліметтер.

###### 4.6.1.1-кесте

| Атрибуттың атауы          | Типі | Форматы | Атрибут коды        | Атрибут құрылымы және қосымша ақпарат                                                                                  |
|---------------------------|------|---------|---------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ф а й л сәйкестендіргіші  | O    | T(20)   | file_id             | <жөнелтуші елдің коды><алушы елдің коды><жыл><айы><күн><сағат><минуттар><секундтар>, атрибут ұзындығы әрқашан 20 белгі |
| Ақпарат типі              | O    | T(1-20) | info_type           | <мәтін><br>Мәнін қабылдайды: "КҚХАБАРЛ"                                                                                |
| Файл форматының нұсқасы   | O    | T(1-5)  | version             | <мәтін><br>Мәнін қабылдайды: 2.1                                                                                       |
| Файлдағы құжаттардың саны | O    | N(1-7)  | registry_docs_count | <сан>                                                                                                                  |

##### 4.6.1.2. Хабарламалар тізілімі файлын жөнелтуші туралы мәліметтер.

###### 4.6.1.2- кесте

| Атрибуттың атауы          | Типі | Форматы | Атрибут коды | Атрибут құрылымы және қосымша ақпарат |
|---------------------------|------|---------|--------------|---------------------------------------|
| Жөнелтушінің тегі         | O    | T(1-60) | surname      | <тегі>                                |
| Жөнелтушінің аты          | O    | T(1-60) | name         | <аты>                                 |
| Жөнелтушінің әкесінің аты | N    | T(0-60) | patronymic   | <әкесінің аты>                        |
| Жөнелтушінің телефоны     | O    | T(1-20) | phone        | <телефон нөмірі>                      |
| Жөнелтушінің E-mail-ы     | N    | T(0-45) | email        | <электрондық пошта мекенжайы>         |

4.6.2.1. Сұрау салу туралы мәліметтерді қамтитын хабарламалар тізілімі файлы ақпараттық бөлігінің құрамы мен құрылымы.


4.6.2.1-кесте

| Атрибуттың атауы               | Типі | Форматы | Атрибут коды | Атрибут құрылымы және қосымша ақпарат                                                                                                                                 |
|--------------------------------|------|---------|--------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Сұрау салудың сәйкестендіргіші | O    | T(36)   | request_id   | <сұрау салудың сәйкестендіргіші>, атрибут ұзындығы әрқашан 36 белгі                                                                                                   |
| Хабарлама типі                 | O    | N(1)    | uv_type      | Мына мәндерді қабылдайды:<br>1 – өтініштің жоқ екендігі туралы хабарлама;<br>2 – сұрау салудың дұрыс еместігі туралы хабарлама;<br>3- қалған жағдайлардағы хабарлама. |
| Ескертпе                       | O    | T(4000) | comment      | <мәтін>                                                                                                                                                               |

5. Нормативтік-анықтамалық ақпарат форматтары мен құрылымының сипаттамасы.

5.1. Беларусь Республикасы СҚМ инспекциясының анықтамалығы.

NGNI анықтамалық файлының сызбасы графикалық түрде (диаграммамен) 5.1.1-суретте берілген.



5.1.1-сурет. NGNI анықтамалық файлының сызбасы.

NGNI анықтамалық version өз атрибутын және INSPECTION\_INFO еншілес тізімдік элементін қамтитын, Беларусь Республикасы СҚМ салық инспекциялары туралы ақпаратты беруге арналған NGNI кешенді элементінен тұрады.

"Файл форматының нұсқасы" атрибуты міндетті болып табылады және файл форматының нұсқасын анықтайды.

"Файл форматының нұсқасы" атрибутының сипаттамасы:

| Атрибуттың атауы       | Типі | Форматы | Атрибут коды | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|------------------------|------|---------|--------------|------------------------------------------|
| Анықтамалықтың нұсқасы | O    | T(1-5)  | version      | 1.2 мәнін қабылдайды                     |


INSPECTION\_INFO еншілес элементтің құрамы мен сипаттамасы:

| Элементтің атауы                   | Типі | Форматы  | Элементтің коды | Элементтің құрылымы және қосымша ақпарат |
|------------------------------------|------|----------|-----------------|------------------------------------------|
| С а л ы қ инспекциясының коды      | O    | K(3)     | code            | <цифрлық код>                            |
| С а л ы қ инспекциясының атауы     | O    | T(1-255) | name            | <мәтін>                                  |
| С а л ы қ инспекциясының мекенжайы | O    | T(1-128) | address         | <мәтін>                                  |
| С а л ы қ инспекциясының телефоны  | O    | T(1-64)  | phone           | <мәтін>                                  |

NGNI анықтамалық файлының XSD сызбасының сипаттамасы осы құжатқа 4-қосымшада келтірілген.

5.2. Қазақстан Республикасының салық органдарының анықтамалығы.

KZSNO анықтамалық файлының сызбасы графикалық түрде (диаграммамен) 5.2.1-суретте берілген.



5.2.1-сурет. KZSNO анықтамалық файлының сызбасы.

KZSNO анықтамалық version өз атрибутын және INSPECTION\_INFO еншілес тізімдік элементін қамтитын, Қазақстан Республикасы салық органдары туралы ақпаратты беруге арналған KZSNO кешенді элементінен тұрады.

"Файл форматының нұсқасы" атрибуты міндетті болып табылады және файл форматының нұсқасын анықтайды.

"Файл форматының нұсқасы" атрибутының сипаттамасы:

| Атрибуттың атауы       | Типі | Форматы | Атрибут коды | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|------------------------|------|---------|--------------|------------------------------------------|
| Анықтамалықтың нұсқасы | O    | T(1-5)  | version      | 1.2 мәнін қабылдайды                     |


INSPECTION\_INFO еншілес элементтің құрамы мен сипаттамасы:

| Атрибуттың атауы          | Типі | Форматы  | Атрибут коды | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|---------------------------|------|----------|--------------|------------------------------------------|
| Салық органының коды      | O    | K(4)     | code         | <цифрлық код>                            |
| Салық органының атауы     | O    | T(1-255) | name         | <мәтін>                                  |
| Салық органының мекенжайы | O    | T(1-255) | address      | <мәтін>                                  |
| Салық органының телефоны  | O    | T(1-64)  | phone        | <мәтін>                                  |

KZSNO анықтамалық файлының XSD сызбасының сипаттамасы осы құжатқа 5-қосымшада келтірілген.

### 5.3. Армения Республикасы салық инспекциясының анықтамалығы.

ARSNI анықтамалық файлының сызбасы графикалық түрде (диаграммамен) 5.3.1-суретте берілген.



5.3.1-сурет. ARSNI анықтамалық файлының сызбасы.

ARSNI анықтамалық version өз атрибутын және INSPECTION\_INFO еншілес тізімдік элементін қамтитын, Армения Республикасы салық инспекциясы туралы ақпаратты беруге арналған ARSNI кешенді элементінен тұрады.

"Файл форматының нұсқасы" атрибуты міндетті болып табылады және файл форматының нұсқасын анықтайды.

"Файл форматының нұсқасы" атрибутының сипаттамасы:

| Атрибуттың атауы       | Типі | Форматы | Атрибут коды | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|------------------------|------|---------|--------------|------------------------------------------|
| Анықтамалықтың нұсқасы | O    | T(1-5)  | version      | 1.0 мәнін қабылдайды                     |

INSPECTION\_INFO еншілес элементтің құрамы мен сипаттамасы:


| Атрибуттың атауы                   | Типі | Форматы  | Атрибут коды | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|------------------------------------|------|----------|--------------|------------------------------------------|
| С а л ы қ инспекциясының коды      | O    | K(2)     | code         | <цифрлық код>                            |
| С а л ы қ инспекциясының атауы     | O    | T(1-128) | name         | <мәтін>                                  |
| С а л ы қ инспекциясының мекенжайы | O    | T(1-128) | address      | <мәтін>                                  |
| С а л ы қ инспекциясының телефоны  | O    | T(1-64)  | phone        | <мәтін>                                  |
|                                    |      |          |              |                                          |

|                                   |   |   |            |        |
|-----------------------------------|---|---|------------|--------|
| Жазбаның қолданылуы басталған күн | O | D | start_date | <күні> |
| Жазбаның қолданылуы аяқталған күн | H | D | exp_date   | <күні> |

ARSNI анықтамалық файлының XSD сызбасының сипаттамасы осы құжатқа 6-қосымшада келтірілген.

#### 5.4. Қырғыз Республикасы салық органдарының анықтамалығы.

KGSNO анықтамалығы файлының сызбасы графикалық түрде (диаграммамен) суретте берілген.



Сурет. KGSNO анықтамалығы файлының сызбасы.

KGSNO анықтамалығы version өз атрибутын және INSPECTION\_INFO еншілес тізімдік элементін қамтитын, Қырғыз Республикасы салық органдары туралы ақпаратты беруге арналған KGSNO кешенді элементінен тұрады.

"Файл форматының нұсқасы" атрибуты міндетті болып табылады және файл форматының нұсқасын анықтайды.

"Файл форматының нұсқасы" атрибутының сипаттамасы:

| Атрибуттың атауы       | Типі | Форматы | Атрибут коды | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|------------------------|------|---------|--------------|------------------------------------------|
| Анықтамалықтың нұсқасы | O    | T(1-5)  | version      | 1.0 мәнін қабылдайды                     |

INSPECTION\_INFO еншілес элементтің құрамы мен сипаттамасы:

| Атрибуттың атауы | Типі | Форматы | Атрибут коды | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|------------------|------|---------|--------------|------------------------------------------|
|                  |      |         |              |                                          |




|                           |   |          |         |               |
|---------------------------|---|----------|---------|---------------|
| Салық органының коды      | O | K(3)     | code    | <цифрлық код> |
| Салық органының атауы     | O | T(1-250) | name    | <мәтін>       |
| Салық органының мекенжайы | O | T(1-128) | address | <мәтін>       |
| Салық органының телефоны  | O | T(1-64)  | phone   | <мәтін>       |

KGSNO анықтамалығы файлының XSD сызбасының сипаттамасы осы құжатқа 7-қосымшада келтірілген.

5.5. Салық салушыларды есепке алуға арналған Ресей Федерациясы салық органдары белгіленімдері кодтарының анықтамалығы (СЕБК).

СЕБК анықтамалық файлының сызбасы графикалық түрде (диаграммамен) 5.3.1-суретте берілген.



5.3.1-сурет. СЕБК анықтамалық файлының сызбасы.

СЕБК анықтамалық version өз атрибутын және INSPECTION\_INFO еншілес тізімдік элементін қамтитын, Ресей Федерациясы салық органдары туралы ақпаратты беруге арналған SOUN кешенді элементінен тұрады.

"Файл форматының нұсқасы" атрибуты міндетті болып табылады және файл форматының нұсқасын анықтайды.

"Файл форматының нұсқасы" атрибутының сипаттамасы:

| Атрибуттың атауы       | Типі | Форматы | Атрибут коды | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|------------------------|------|---------|--------------|------------------------------------------|
| Анықтамалықтың нұсқасы | O    | T(1-5)  | version      | 1.2 мәнін қабылдайды                     |

INSPECTION\_INFO еншілес элементтің құрамы мен сипаттамасы:


| Атрибуттың атауы                                                                        | Типі | Форматы  | Атрибут коды | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат                                                                                        |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|------|----------|--------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Салық органының коды                                                                    | O    | K(4)     | code         | <цифрлық код >                                                                                                                  |
| Салық органының атауы                                                                   | O    | T(1-250) | name         | <мәтін>                                                                                                                         |
| Салық органы кодын дербес заңды тұлға қатарына қосу белгісі                             | H    | B        | psono        | <логикалық><br>false – қосылмады;<br>true – қосылды.<br>Салық органы таратылған немесе жабылған кезде нөлге тең деп қабылданады |
| Салық органының салық төлеушілерді есепке алу бойынша функцияларды жүзеге асыру белгісі | H    | B        | puch         | <логикалық><br>false – жүзеге асырмайды;<br>true – жүзеге асырады                                                               |
| Салық органының салық есептілігін қабылдау бойынша функцияларды жүзеге асыру белгісі    | H    | B        | potchdok     | <логикалық><br>false – жүзеге асырмайды;<br>true – жүзеге асырады                                                               |
| Салық органының Ф С Қ                                                                   |      |          |              | <логикалық>                                                                                                                     |

|                                                                    |   |          |            |                                                    |
|--------------------------------------------------------------------|---|----------|------------|----------------------------------------------------|
| есептілігін қалыптастыру бойынша функцияларды жүзеге асыру белгісі | H | B        | potch      | false – жүзеге асырмайды;<br>true – жүзеге асырады |
| Салық органының мекенжайы                                          | H | T(0-128) | address    | <мәтін>                                            |
| Салық органының телефоны                                           | H | T(0-64)  | phone      | <мәтін>                                            |
| Жазбаның қолданылуы басталған күн                                  | O | D        | start_date | <күні>                                             |
| Жазбаның қолданылуы аяқталған күн                                  | H | D        | exp_date   | <күні>                                             |

СЕБК анықтамалық файлының XSD сызбасының сипаттамасы осы құжатқа 8-қосымшада келтірілген.

### 5.6. Әлем елдерінің жалпыресейлік сыныптауышы (ӘЕЖС).

ӘЕЖС анықтамалығы файлының сызбасы графикалық түрде (диаграммамен) 5.5.1-суретте берілген.



5.5.1-сурет. ӘЕЖС анықтамалығы файлының сызбасы.

ӘЕЖС анықтамалығы version өз атрибутын және COUNTRY\_INFO еншілес тізімдік элементін қамтитын, әлем елдері туралы ақпаратты беруге арналған OKSM кешенді элементінен тұрады.

"Файл форматының нұсқасы" атрибуты міндетті болып табылады және файл форматының нұсқасын анықтайды.

"Файл форматының нұсқасы" атрибутының сипаттамасы:

| Атрибуттың атауы       | Типі | Форматы | Атрибут коды | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|------------------------|------|---------|--------------|------------------------------------------|
| Анықтамалықтың нұсқасы | O    | T(5)    | version      | 1.2 мәнін қабылдайды                     |

COUNTRY\_INFO еншілес элементтің құрамы мен сипаттамасы:

| Атрибуттың атауы       | Типі | Форматы | Атрибут коды | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|------------------------|------|---------|--------------|------------------------------------------|
| Цифрлық код            | O    | K(3)    | ncode        | <цифрлық код>                            |
| Әріптік коды (Альфа-2) | N    | T(2)    | lcode_1      | <мәтін>                                  |
| Әріптік коды (Альфа-3) | N    | T(3)    | lcode_2      | <мәтін>                                  |
| Ел атауы (қысқаша)     | O    | T(51)   | short_name   | <мәтін>                                  |
| Ел атауы (толық)       | O    | T(250)  | full_name    | <мәтін>                                  |

ӘЕЖС анықтамалығы файлының XSD сызбасының сипаттамасы осы құжатқа 9-қосымшада келтірілген.

5.7. Құжаттың пайда болу себебінің анықтамалығы (ҚПС).


ҚПС анықтамалығының құрамы мен сипаттамасы:

| № р/с | Атрибуттың атауы | Форматы | Атрибуттың мазмұны                                  | Инд |
|-------|------------------|---------|-----------------------------------------------------|-----|
| 1.    | CODE             | T(1)    | Құжаттың пайда болу себебінің коды<br><цифрлық код> | #   |
| 2.    | NAME             | T(50)   | Құжаттың пайда болу себебі                          |     |

| № р/с | CODE | NAME                                                                                                         |
|-------|------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.    | 1    | бастапқы                                                                                                     |
| 2.    | 2    | түзетуші (салық органында тіркеу туралы белгінің күні 05.10.2012 артық болатын өтініштер үшін қолданылмайды) |
| 3.    | 3    | кері қайтарып алушы                                                                                          |
| 4.    | 4    | кері қайтарып алынғанның орнына                                                                              |
| 5.    | 5    | бағаны арттыру                                                                                               |
| 6.    | 6    | ішінара қайтару кезінде кері қайтарылғанның орнына                                                           |

5.8. Өлшем бірліктердің жалпыресейлік сыныптауышы (ӨБЖС).

ӨБЖС анықтамалығы файлының сызбасы графикалық түрде (диаграммамен) 5.7.1-суретте берілген.



5.7.1-сурет. ӨБЖС анықтамалығы файлының сызбасы

ӨБЖС анықтамалығы version өз атрибутын және UNIT\_INFO еншілес тізімдік элементін қамтитын, өлшем бірліктер туралы ақпаратты беруге арналған ОКЕІ кешенді элементінен тұрады.

"Файл форматының нұсқасы" атрибуты міндетті болып табылады және файл форматының нұсқасын анықтайды.

"Файл форматының нұсқасы" атрибутының сипаттамасы:

| Атрибуттың атауы       | Типі | Форматы | Атрибут коды | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|------------------------|------|---------|--------------|------------------------------------------|
| Анықтамалықтың нұсқасы | O    | T(5)    | version      | 1.3 мәнін қабылдайды                     |

UNIT\_INFO еншілес элементтің құрамы мен сипаттамасы:


| Атрибуттың атауы            | Типі | Форматы | Атрибут коды | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|-----------------------------|------|---------|--------------|------------------------------------------|
| Бөлім нөмірі мен топ нөмірі | O    | N(2)    | partition    | <сан>                                    |
| Өлшем бірлік коды           | O    | K(3-4)  | code         | <цифрлық код>                            |
| Толық атауы                 | O    | T(100)  | full_name    | <мәтін>                                  |
|                             |      |         |              |                                          |

|                                          |   |       |                      |         |
|------------------------------------------|---|-------|----------------------|---------|
| Шартты белгіленімі (ұлттық)              | H | T(45) | national_symbol      | <мәтін> |
| Шартты белгіленімі (халықаралық)         | H | T(25) | international_symbol | <мәтін> |
| Кодтық әріптік белгіленімі (ұлттық)      | H | T(25) | national_lcode       | <мәтін> |
| Кодтық әріптік белгіленімі (халықаралық) | H | T(25) | international_lcode  | <мәтін> |

ӨБЖС анықтамалығы файлының XSD сызбасының сипаттамасы осы құжатқа 10-қосымшада келтірілген.

### 5.9. Валюталардың жалпыресейлік сыныптауышы (ВЖС).

ВЖС анықтамалық файлының сызбасы графикалық түрде (диаграммамен) 5.8.1-суретте берілген.



5.8.1-сурет. ВЖС анықтамалық файлының сызбасы.

ВЖС анықтамалық version өз атрибутын және CURRENCY\_INFO еншілес тізімдік элементін қамтитын, валюталар кодтары туралы ақпаратты беруге арналған OKV кешенді элементінен тұрады.

"Файл форматының нұсқасы" атрибуты міндетті болып табылады және файл форматының нұсқасын анықтайды.

"Файл форматының нұсқасы" атрибутының сипаттамасы:

| Атрибуттың атауы       | Типі | Форматы | Атрибут коды | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|------------------------|------|---------|--------------|------------------------------------------|
| Анықтамалықтың нұсқасы | O    | T(5)    | version      | 1.2 мәнін қабылдайды                     |

CURRENCY\_INFO еншілес элементтің құрамы мен сипаттамасы:

|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|

| Атрибут атауы          | Типі | Форматы | Атрибут коды | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|------------------------|------|---------|--------------|------------------------------------------|
| Валютаның цифрлық коды | O    | K(3)    | ncode        | <цифрлық код>                            |
| Валютаның әріптік коды | O    | T(3)    | lcode        | <мәтін>                                  |
| Валютаның атауы        | O    | T(100)  | name         | <мәтін>                                  |
| Сипаттамасы            | H    | T(255)  | comment      | <мәтін>                                  |

ВЖС анықтамалық файлының XSD сызбасының сипаттамасы осы құжатқа 11-қосымшада келтірілген.

#### 5.10. Өтініштерді кері қайтарып алу себептерінің анықтамалығы.

ӨКСА анықтамалығының құрамы мен сипаттамасы:


| № р/с | Атрибуттың атауы | Форматы | Атрибуттың мазмұны                                        | Инд |
|-------|------------------|---------|-----------------------------------------------------------|-----|
| 1.    | CODE             | T(1)    | Өтінішті кері қайтарып алу себебінің коды                 | #   |
| 2.    | TEXT             | T(255)  | Өтінішті кері қайтарып алу себебінің мәтіндік сипаттамасы |     |

| № р/с | CODE | NAME                                                                                                                                                                            |
|-------|------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | 10   | өтініш нақтыланғаны берілместен кері қайтарып алынды (бұрын берілгеннің орнына)                                                                                                 |
| 2     | 11   | өтініш тауарды толық қайтару себебі бойынша нақтыланған (бұрын берілгеннің орнына) өтініштер берілместен кері қайтарып алынды                                                   |
| 3     | 12   | өтініш тауар импорты болмауы себебі бойынша нақтыланған (бұрын берілгеннің орнына) өтініштер берілместен кері қайтарып алынды                                                   |
| 4     | 20   | өтініш ауыстыру әдісімен тиісті емес сападағы және (немесе) толық жинақталмаған тауарды қайтару себебі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізумен байланысты кері қайтарылды |
| 5     | 30   | өтініш ауыстыру әдісімен жанама салықтар сомасын есептеу үшін салық базасының мөлшеріне әсер етпейтін өзгерістер мен                                                            |

|   |    |                                                                                                                                                                      |
|---|----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |    | толықтырулар енгізумен байланысты кері қайтарылды                                                                                                                    |
| 6 | 31 | өтініш ауыстыру әдісімен жанама салықтар сомасын есептеу үшін салық базасының мөлшеріне әсер ететін өзгерістер мен толықтырулар енгізумен байланысты кері қайтарылды |

5.11. Сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасының сыныптауышы (СЭҚ ТН).

СЭҚ ТН анықтамалық файлының сызбасы графикалық түрде (диаграммамен) 5.10.1-суретте берілген.



5.10.1-сурет. СЭҚ ТН анықтамалық файлының сызбасы.

ЕАЭО СЭҚ ТН анықтамалық version өз атрибутын және еншілес элементтерді: анықтамалық нұсқасы туралы ақпаратты беруге арналған VERSION\_INFO еншілес элементін;

ЕАЭО СЭҚ ТН кодтары туралы ақпаратты беруге арналған COMMODITY\_INFO тізімдік элементін қамтитын TNVED кешенді элементінен тұрады.

"Файл форматының нұсқасы" атрибуты міндетті болып табылады және файл форматының нұсқасын анықтайды.

"Файл форматының нұсқасы" атрибутының сипаттамасы:

|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|



| Атрибуттың атауы              | Типі | Форматы | Атрибут коды | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|-------------------------------|------|---------|--------------|------------------------------------------|
| Ф о р м а т нұсқасының нөмірі | O    | T(1-5)  | version      | 1.0 мәнін қабылдайды                     |

**VERSION\_INFO еншілес элементтің құрамы мен сипаттамасы:**

| Атрибуттың атауы              | Типі | Форматы | Атрибут коды | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|-------------------------------|------|---------|--------------|------------------------------------------|
| Анықтамалық нұсқасының нөмірі | O    | T(3)    | vs_number    |                                          |
| Анықтамалық нұсқасының күні   | O    | T(10)   | vs_date      |                                          |

**COMMODITY\_INFO еншілес элементтің құрамы мен сипаттамасы:**

| Атрибуттың атауы                     | Типі | Форматы  | Атрибут коды | Атрибуттың құрылымы және қосымша ақпарат |
|--------------------------------------|------|----------|--------------|------------------------------------------|
| СЭҚ ТН коды                          | O    | T(10)    | code         | <цифрлық код>                            |
| Атауы                                | O    | T(1-300) | name         | <мәтін>                                  |
| К о д т ы ң қолданылуы басталған күн | O    | T(10)    | start_date   | <күні>                                   |
| К о д т ы ң қолданылуы аяқталған күн | N    | T(10)    | expire_date  | <күні>                                   |

ЕАЭО СЭҚ ТН анықтамалық файлының XSD сызбасының сипаттамасы осы құжатқа 12-қосымшада келтірілген.

6. Форматты-логикалық бақылау қателері хаттамасы файлы форматының сипаттамасы.

6.1. Жалпы ережелер.

ФЛБ хаттамасының файлы қатаң белгіленген түрдегі атауы бар және ол қызметтік және ақпараттық бөліктерді қамтиды. Қызметтік бөлік ФЛБ хаттамасының файлы туралы жалпы мәліметтерді және файл жөнелтуші туралы деректерді қамтиды. Файлдың ақпараттық бөлігі бастапқы файл туралы деректерді және форматты-логикалық бақылау қателерін қамтиды.

Форматтық-логикалық бақылауды тексеру тізбесі осы құжатқа 13-қосымшада келтірілген.

6.2. ФЛБ хаттамасы файлы атауының құрылымы.

ФЛБ хаттамасын қамтитын файл мынадай түрдегі атауларға ие:


PF<өтініштер тізілімі файлының атауы >.XML, мұнда

PF – ФЛБ хаттамасы атауының префиксі.

Мысалы: PFKS2009112398111.XML, PFKS2009398112107.XML, PFKS2009643398403.XML.

### 6.3. ФЛБ хаттамасы файлының сызбасы

ФЛБ хаттамасы файлының сызбасы графикалық түрде (диаграммамен) 6.3.1-суретте берілген. Сызбаның құрылымдық элементтерінің құрамы мен сипаттамасы осы құжаттың 6.4 және 6.5-бөлімдерінде берілген.



6.3.1-сурет. ФЛБ хаттамасы файлының сызбасы.

Көрсетілген сызба элементтерінің құрылымы осы құжаттың 6.6-бөлімінің мынадай кестелерінде келтірілген:

| Блоктың атауы                                         | Блоктың сипаттамасы бар кестінің нөмірі |
|-------------------------------------------------------|-----------------------------------------|
| Қызметтік бөлігі                                      |                                         |
| <ФЛБ хаттамасының файлы туралы мәліметтер>            | 6.6.1.1-кесте                           |
| <ФЛБ хаттамасының файлын жөнелтуші туралы мәліметтер> | 6.6.1.2-кесте                           |
| Ақпараттық бөлік                                      |                                         |
| <құжат туралы мәліметтер>                             | 6.6.2.1-кесте                           |
| <өңдеу нәтижелері>                                    | 6.6.2.2-кесте                           |

ФЛБ хаттамасы файлының XSD сызбасының сипаттамасы осы құжатқа 13-қосымшада келтірілген.

6.4. ФЛБ хаттамасы файлы қызметтік бөлігі деректемелерінің сипаттамасы

ФЛБ хаттамасы файлының қызметтік бөлігі құрамында екі еншілес элементі: Common\_Info және Sender\_Info элементтері бар Add\_Info элементін қамтиды.

6.4.1. ФЛБ хаттамасы файлы туралы мәліметтерді қамтитын Common\_Info еншілес элементінің сипаттамасы.

6.4.1.1. "Файл сәйкестендіргіші" атрибуты міндетті болып табылады және әрбір файлға бірегей кодты беруге және хабар жөнелтушіні сәйкестендіруге мүмкіндік береді

Файл сәйкестендіргішінің мынадай құрылымы бар:

SSSRRRGGGGMMDDHHTTCC, мұнда:

SSS –ӘЕЖС бойынша хабарды жөнелтуші елдің цифрлық коды;

RRR –ӘЕЖС бойынша хабарды алушы елдің цифрлық коды;

GGGG – файлды қалыптастыру жылы;

MM – файлды қалыптастыру айы;

DD – файлды қалыптастыру күні;

HH – файлды қалыптастыру сағаты;

TT – файлды қалыптастыру минуты;

CC – файлды қалыптастыру секунды.

Мысалы: 11239820090620152130, 64339820090610132310, 39864320090611141020.

6.4.1.2. "Ақпарат типі" атрибуты міндетті болып табылады және жіберілетін файлдағы ақпарат типін анықтауға мүмкіндік береді. КҚФЛБ белгілеп алынған мәні бар.

6.4.1.3. "Файл форматының нұсқасы" атрибуты міндетті болып табылады және файл форматының нұсқасын анықтайды.

6.4.2. ФЛБ хаттамасының файлын жөнелтуші туралы мәліметтерді қамтитын Sender\_Info еншілес элементінің сипаттамасы.

6.4.2.1. "Жөнелтушінің тегі" атрибуты міндетті болып табылады және файлды жіберу үшін дайындаған жауапты тұлғаның тегін анықтайды. Элементтердің мәндері бос орындар мен дефисті қамтуы мүмкін.

6.4.2.2. "Жөнелтушінің аты" атрибуты міндетті болып табылады және файлды жіберу үшін дайындаған жауапты тұлғаның атын анықтайды. Элементтердің мәндері бос орындар мен дефисті қамтуы мүмкін.

6.4.2.3. "Жөнелтушінің әкесінің аты" атрибуты міндетті емес болып табылады және файлды жіберу үшін дайындаған жауапты тұлғаның әкесінің атын анықтайды. Элементтердің мәндері бос орындар мен дефисті қамтуы мүмкін.

6.4.2.4. "Жөнелтушінің телефоны" атрибуты міндетті болып табылады және хабар жөнелтушінің байланыс телефонын қамтиды. Өз бетінше форматта толтырылады.

6.4.2.5. "Жөнелтушінің e-mail-ы" атрибуты міндетті емес болып табылады және жөнелтушінің электрондық поштасының мекенжайын көрсетеді.

6.5. ФЛБ хаттамасы файлының ақпараттық бөлігінің сипаттамасы.

ФЛБ хаттамасы файлының ақпараттық бөлігі өз атрибутын және еншілес элементті: бастапқы файл туралы мәліметтерді және өңдеу нәтижелерін қамтитын `source_file_info`;

анықталған қателер туралы мәліметтерді қамтитын `error_data` қамтитын `document` элементінен тұрады.

6.5.1. Document элементі атрибутының сипаттамасы.

6.5.1.1. "Құжаттың сәйкестендіргіші" атрибуты міндетті емес болып табылады және GUID – ФЛБ хаттамасының сәйкестендіргішін қамтиды.

6.5.2. Source\_file\_info еншілес элементінің сипаттамасы.

6.5.2.1. "Бастапқы файлдың сәйкестендіргіші" атрибуты міндетті болып табылады және ФЛБ хаттамасы қалыптастырылған бастапқы файлдың сәйкестендіргішін қамтиды.

6.5.2.2. "Файлды қабылдау күні" атрибуты міндетті болып табылады және алушы-салық органы бастапқы файлды нақты алған күнді қамтиды.

6.5.2.3. "Бастапқы файл бойынша ақпарат типі" атрибуты міндетті емес болып табылады және бастапқы файл ақпаратының типін анықтауға мүмкіндік береді және КҚ-ның белгілеп алынған мәні бар. Қабылданған файлдың ақпарат типі қабылданған файлдағы "Ақпарат типі" көрсеткішінің мәнін анықтау мүмкін болмаған жағдайда ғана көрсетілмейді.

6.5.2.4. "Файлды өңдеу нәтижесінің белгісі" атрибуты міндетті болып табылады және бастапқы файлды өңдеу туралы ақпаратты қамтиды. Атрибут мынадай мәндерді қабылдауы мүмкін: 01 – егер бастапқы файл толық қабылданса, 02 – егер бастапқы файл толық қабылданбаса, 03 – егер алушы салық органы жекелеген құжаттар бойынша мәліметтерді қабылдаса.

6.5.2.5. "Өңдеуге қабылданған ақпараттың құрылымдық элементтерінің саны" атрибуты міндетті болып табылады және бастапқы файлдан алынған құжаттар санын анықтайды. Қабылданған файлдың `registry_document` және `revoked_document` деректемелері ақпараттың құрылымдық элементтері болып табылады. 0 және одан да көп мәнін қабылдайды.

6.5.2.6. "Қателер табылмаған ақпараттың құрылымдық элементтерінің саны" атрибуты міндетті болып табылады және қателер табылмаған бастапқы файлдан алынған құжаттар санын анықтайды. Қабылданған файлдың `registry_document` және `revoked_document` деректемелері ақпараттың құрылымдық элементтері болып табылады. 0 және одан көп мәнін қабылдайды.

6.5.2.7. "Қатенің жалпыланған коды" атрибуты міндетті емес болып табылады және файлды тұтастай қабылдау мүмкін болмаған жағдайда толтырылуы мүмкін.

6.5.2.8. "Қатенің жалпыланған мәтіні" атрибуты міндетті емес болып табылады және файлды тұтастай қабылдау мүмкін болмаған жағдайда толтырылуы мүмкін.

6.5.2.9. "Бастапқы файлдың атауы" атрибуты міндетті болып табылады және ФЛБ хаттамасы қалыптастырылған бастапқы файлдың атауын қамтиды.

6.5.3. Error\_data еншілес элементтің сипаттамасы.

6.5.3.1. "Көрсеткіштің қате мәні" атрибуты міндетті емес болып табылады және қате анықталған көрсеткіштің мәнін қамтиды.

6.5.3.2. "Қате коды" атрибуты міндетті болып табылады және ФЛБ қателер коды анықтамалығына сәйкес анықталған қатенің кодын қамтиды (13-қосымша).

6.5.3.3. "Қате туралы хабардың мәтіні" атрибуты міндетті болып табылады және ФЛБ қателер коды анықтамалығына сәйкес анықталған қатенің сипаттамасын қамтиды (15-қосымша).

6.5.3.4. "Соңғы табысты құжат" атрибуты міндетті емес болып табылады және соңғы табысты өңделген құжат туралы ақпаратты қамтиды.

6.5.3.5. "XML файлдағы қате элементтің орналасқан жері" атрибуты міндетті емес болып табылады. Талаптарға сәйкес XPath мәндері қате элементтің атауын (элементтердің реттілігінде соңғы болып көрсетіледі) қоса алғанда, "қате" элементке жолды анықтайтын аталық элементтердің атауы "/" символы арқылы көрсетіледі. Қате табылған элементке алып баратын жолда аталық, сондай-ақ "қате" элементті іске асыру нөмірі шаршы жақшада көрсетіледі.

6.6. ФЛБ хаттамасы файлын беру форматы.

6.6.1. ФЛБ хаттамасы файлы қызметтік бөлігінің құрамы мен құрылымы.

6.6.1.1. ФЛБ хаттамасының файлы туралы мәліметтер.

6.6.1.1-кесте

| Атрибуттың атауы         | Типі | Форматы | Атрибут коды | Атрибут құрылымы және қосымша ақпарат                                                                                  |
